

Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 12 ақпандағы N 61 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 17 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5168 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.07.13 N 338 бұйрығымен .

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 34) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Ұйымдастыру-бақылау жұмысы және құжат айналымы департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрықты ол мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ф.Ш. Қуанғановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 12 ақпандағы
N 61 бұйрығымен бекітілген

"Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының Үлгі Біліктілік сипаттамалары"

1. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім ұйымдарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің лауазым Үлгі

Біліктілік сипаттамалары

Жоғары оқу орнының ректоры

Қызметтік міндеттері: Оқу орнының Жарғысына сәйкес білім ұйымының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерін жүргізеді. Жоғары оқу орнының қызметіне ағымды және алдағы жоспарлау ұйымдастырады. Қазақстан Республикасы білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуі, ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен, ғалымдарымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту шараларын жүргізеді, осы заманғы ақпараттық технологияларды белсенді түрде пайдаланып, дамытады. Жоғары оқу орнының қаржы ресурстарына иелік етеді, оларды тиімді әрі мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңнамалыққа сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді, жарналарды уақтылы аударып отыруды жүзеге асырады. Білім ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметтік нұсқаулықтарын бекітеді. Еңбек заңнамалығына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және шығару мәселесін шешеді, қызметкерлерді ынталандыру мен жазалау шараларын қолданады. Бекітілген тәртіпте ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің аттестациясын, оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос орындарына конкурстар өткізеді. Қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде жоғарылатып отыруды, ғылыми-педагогикалық кадрларды магистратура, докторантура, ғылыми іс-тәжірибе, тәжірибеден өту арқылы даярлауды қамтамасыз етеді. Ғылыми кеңес пен Қамқоршылар кеңесінің жұмысына басшылық етеді. Білім қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес студенттер контингентін қалыптастыруды ұйымдастыруға бақылау жүргізеді, оқу-материалдық базаны есепке алу, сақтау мен толықтыруды қамтамасыз етуге, еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік жөніндегі заңнама талаптары мен басқа да нормативтік құқықтық актілер талаптарын қадағалауға, жоғары оқу орнының келісім-шарттық міндеттемелерін орындауға бақылау жасайды. Еңбекақы қорының үнемді әрі ұтымды жұмсалуды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы заңнамалығы белгілеген шекте білім ұйымының мүліктері мен қаражаттарына иелік етеді. Білім саласындағы уәкілетті органға жоғары оқу орнының оқу, ғылыми қызметінің нәтижелері бойынша жыл сайын есеп тапсырады. Жоғары оқу орнының мүддесін барлық органдарда білдіреді және Қазақстан Республикасының заңнамалары тыйым салмаған және жоғары оқу орнының Жарғысында қаралған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен

күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және білім ұйымдары мен/немесе білімді басқару органдарында басшы қызметтегі еңбек өтілі 7 жылдан кем болмауы.

Жоғары оқу орнының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс, тәрбие, әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры

Қызметтік міндеттері: Білім ұйымы мен жоғары оқу орны басшысы бөлген қызметтік міндеттерге сәйкес оқу әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-шаруашылық, қаржы-экономикалық бір немесе бірнеше қызмет бағытына басшылық жасайды. Тиісті құрылымдық бөлімшенің қызметін ағымды және алдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Жетекшілік жасайтын бөлімшенің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметтерін жүргізу үшін қажетті барлық құжаттамаларды дайындауға басшылық пен бақылау жасайды (курстық және курс аралық шараларды бағдарламалық-әдістемелік және ғылыми жабдықтау, басшының бұйрықтарына, өкімдеріне мониторинг). Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырып, оның өту барысына бақылау жасауды әдістемелік қамтамасыз етеді. Білім ұйымының қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отырады. Білім ұйымының құрылымдық бөлімшелері үшін кадрларды іріктеп, кадрлардың біліктілігін арттыру мен кадрларды даярлау жұмыстарын жүргізеді, білім ұйымының басшысы бекітуге арналған құжаттарды дайындайды. Жоғары оқу орны қызметкерлерін ынталандыру мен шара көру туралы ұсыныстар енгізеді. Еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі мен қауіпсіз еңбек жағдайын жасау жөнінде заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қадағалауға бақылау жүргізеді. Жоғары оқу орнының тиісті құрылымдық бөлімшесі қызметінің нәтижесі туралы жыл сайын есеп дайындайды. Жоғары оқу орны Жарғысында қаралған қызметті жүзеге асырады. Мемлекеттік аттестациялық комиссия мен қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және білім ұйымдарында

басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы.

Факультеттің деканы

Қызметтік міндеттері: Жоғары оқу орны факультетінің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметтеріне жалпы басшылық жасау. Факультет қызметіне ағымды және алдағы жоспарлау жұмысын, оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеп, жетілдіру, оқу сабақтары мен емтихан кестелерін жасауды ұйымдастырады, олардың орындалуына, студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгірімдеріне, топ тәлімгерлерінің жұмысына, өндірістік тәжірибелерге бақылау жасайды. Инновациялық оқыту технологияларын, техникалық оқыту құралдарын қолдануды ұйымдастырып, енгізеді. Кафедралардың жұмыс жоспарларын, факультет қызметкерлерінің жеке жұмыс жоспарларын, оқу пәндерінің бағдарламаларын бекітеді. Факультеттің оқытушы-профессор құрамының оқу және оқу-әдістемелік жүктемелерін орындауларына, лекциялық, лабораториялық және практикалық сабақтар, семинарлар мен басқа да оқу сабақтары түрлерінің, өндірістік және дипломалды практикалардың өтуіне, кафедраларда жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының факультеттің негізгі ғылыми қызмет бағыттарына сәйкестігіне бақылау жасайды. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік мәжілістер, семинарлар мен конференциялар өткізуді ұйымдастырады. Магистранттар дайындау, оқытушы-профессор құрамының біліктілік жоғарылату жұмыстарын ұйымдастыруға бақылау жасайды. Факультет қызметкерлерінің оқу-әдістемелік және ғылыми мақалаларын жариялауға ұсынады. Факультет кеңесінің жұмысын өткізуді ұйымдастырады. Мемлекеттік аттестациялық комиссия мен жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылады. Факультет кеңесінде төрағалық етеді. Факультеттің оқу, ғылыми қызметінің нәтижелері туралы жылдық есеп береді. Жоғары оқу орнының Жарғысында қаралған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және білім ұйымдарында басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы.

Кафедра меңгерушісі

Қызметтік міндеттері: Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырады. Кафедра студенттерінің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие, өндірістік жұмыстары мен практикаларына басшылық етеді. Инновациялық оқыту технологиясын енгізуге, техникалық оқыту құралдарын қолдануға, тәлімгерлердің тәрбие жұмыстарына, кафедралардың жұмыс жоспарларын, оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларын, кафедраның оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын орындауларына, оқытушы-профессор құрамының оқу және оқу-әдістемелік жүктемелерін орындауларына, лекциялық, лабораториялық, практикалық сабақтар, семинарлар, оқу, өндірістік және дипломалды практикалардың өтуіне бақылау жасайды. Кафедраның алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ғылыми-әдістемелік мәжілістер, семинарлар, оқытушылардың ашық сабақтарын өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Оқытушы-профессор құрамының біліктілігін жоғарылату жұмыстарын, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Кафедра мәжілістеріне төрағалық етеді. Кафедра қызметкерлерінің оқу-әдістемелік және ғылыми материалдарын жариялауға ұсынады. Кафедра жұмысы туралы есепті белгіленген мерзімде жоғары оқу орнының басшылығына береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, не болмаса ғылыми атағы және білім ұйымдарында басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы.

Профессор

Қызметтік міндеттері: Лекциялық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар өткізеді. Жоғары оқу орнының тақырыптық жоспарында қаралған ғылыми-зерттеу жұмыстарының даярлау мен орындалуын ұйымдастырады, сәйкес білім салалары бойынша оларды дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайды. Аға оқытушылар, оқытушылар мен ассистенттердің пәнді оқыту сапасына, олардың сабақ өткізуге дайындығына бақылау жасайды, жоғары деңгейде сабақ оқытуды қамтамасыз ету үшін тікелей ғылыми-әдістемелік көмек береді. Жоғары білім саласындағы қазіргі жетістіктер негізінде инновациялық оқыту технологияларын енгізеді, оқулықтар, оқу құралдары, лекциялық курстар

мен практикумдарды баспаға даярлайды. Бекітілген тәртіпте жеке жұмыс жоспарын орындау жөнінде кафедра басшылығына есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы ғылыми дәрежесі және ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы, оның ішінде доцент қызметінде кем дегенде бір жыл болуы.

Доцент

Қызметтік міндеттері: Лекциялар оқиды, курстық және дипломдық жобалар жөнінде кеңес беру өткізеді. Оқытушылар мен ассистенттердің өткізетін сабақтарының сапасына бақылау жасайды, оларға әдістемелік көмек береді. Оқулықтар, оқу құралдары, лекциялар курстары, практикумдар, лабораториялық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, оқу және өндірістік практикалар бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды баспаға даярлайды. Бекітілген тәртіпте жеке жұмыс жоспарын орындау жөнінде кафедра басшылығына есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы, оның ішінде аға оқытушы қызметінде кем дегенде бір жыл болуы.

Аға оқытушы

Қызметтік міндеттері: Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесінің шешімімен лекциялар оқиды. Лабораториялық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, басқа да білім беру қызмет түрлерін өткізеді. Өз пәні бойынша ассистенттердің сабақ өткізуіне басшылық етеді, оларға әдістемелік көмек береді. Жоғары білім саласындағы қазіргі жетістіктер негізінде оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын енгізеді. Оқулықтар, оқу құралдары, лекциялар курстары, практикумдар, лабораториялық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, оқу және өндірістік практикалар бойынша әдістемелік нұсқаулықтар даярлау жұмыстарын жүргізеді. Ассистент өткізетін

оқу сабақтарының сапасына бақылау жасайды. Ғылыми-әдістемелік семинарлар, ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырады. Оқу, оқу-әдістемелік, тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бекітілген тәртіпте жеке жұмыс жоспарын орындау жөнінде кафедра басшылығына есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе PhD (философия докторы) академиялық дәрежесі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы, оның ішінде оқытушы қызметінде кем дегенде бір жыл болуы.

Оқытушы

Қызметтік міндеттері: Лабораториялық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, оқу және технологиялық практикалар өткізеді. Теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін жүйелі түрде жоғарылатып отырады, жоғары білім саласындағы қазіргі жетістіктер негізінде оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын енгізеді. Лабораториялық-практикалық сабақтар, оқу және технологиялық практикалар, кафедралық тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар даярлауға қатысады. Ғылыми семинарлар, кафедра мәжілістерін өткізуді ұйымдастыруға қатысады. Бекітілген тәртіпте жеке жұмыс жоспарын орындау жөнінде кафедра басшылығына есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, магистр академиялық дәрежесі болуы.

Ассистент

Қызметтік міндеттері: Тиісті оқу пәндерінен лабораториялық-практикалық сабақтар өткізеді, теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін жүйелі түрде жоғарылатып отырады. Ғылыми семинарлар, конференцияларға қатысады. Студенттерге кеңестер беріп, лабораториялық және практикалық жұмыстарын қабылдайды. Тәлімгерлік және басқа тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, магистр академиялық дәрежесі болуы.

Зертхана меңгерушісі

Қызметтік міндеттері: Жоғары оқу орнының тақырыптық жоспарында бөлімше үшін қаралған жұмыстарды ұйымдастырып, бақылау жасап отырады, сәйкес білім салалары бойынша олардың даму келешегін айқындайды, бөлімше алдына қойылған ғылыми-техникалық міндеттерді шешу жолдарын, зерттеу жүргізу әдістері мен құралдарын таңдайды. Бөлімшенің келешектегі, жылдық жұмыс жоспарларын әзірлейді, оларды жоғары оқу орнының басшылығына ұсынады. Елдің әлеуметтік-экономикалық саласының тиісті ғылым және техника өрісін дамыту жөнінде техникалық тапсырмалар, әдістемелік және жұмыс бағдарламалары, техникалық-экономикалық негіздемелер, болжамдар мен ұсынымдар, басқа да жоспарлар мен әдістемелік материалдар әзірлеуге жетекшілік жасайды.

Жоспарда, келісім-шарттық міндеттемелерде қаралған тапсырмалардың орындалуына, бөлімше мамандары мен қоса атқарушылар орындаған жұмыстар сапасына бақылау жасайды. Нормативтік талаптардың сақталуын, құжаттар ресімдеудің кешенділігі мен сапалылығын, оны бекітілген тәртіпте келісіп отыруды қамтамасыз етеді. Бөлімше орындаған жұмыстар туралы есептерді бекітіп, оны қарауға ұсынады. Олардың нәтижелерін іс жүзінде қолдануды қамтамасыз етеді. Бөлімшенің жұмыс жүргізуіне қажетті жабдықтарға, материалдар мен басқа да ресурстарға сұранысын айқындайды, олардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын жасайды.

Ғылыми-техникалық жетістіктерді патенттеу және өнертабыстар мен жаңашылдық ұсыныстарды тіркеуді қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады.

Бөлімше жұмысының тиімділігін арттыруды, кадрларды оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етеді, мамандардың шығармашылық белсенділігін арттыру шараларын қабылдайды. Кадрлар іріктеу, оларды аттестаттау мен қызметтерін бағалау, біліктіліктерін жоғарылату жұмыстарын ұйымдастырады. Қызметкерлердің жалпы бөлімше жұмысына сіңірген жеке еңбегін ескере отырып, еңбекақы төлеу жөнінде кафедра меңгерушісіне ұсыныстар береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика мен психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бір жылдан кем болмауы.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру, орта оқу орнынан кейінгі білім беру жүйелерінің педагог қызметкерлері лауазымдарының

Үлгі Біліктілік сипаттамалары

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының директоры (кәсіптік лицейдің, колледжінің, училищенің)

Лауазымдық міндеттері: Техникалық және кәсіптік білім беру, орта оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарының оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін басқарады. Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді. Оқу орнының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді. Білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Оқу орнында жұмыс істеу үшін қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарын қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді, оқушылар мен қызметкерлердің денсаулығын нығайту мен сақтау мақсатында олардың жұмысына бақылау ұйымдастырады.

Жұмыс берушілер және әлеуметтік әріптестермен жүргізілетін жұмысты үйлестіреді. Қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаны толтыруды және оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық ережелер режимін және еңбекті қорғау ережесінің сақталуын қамтамасыз етеді, құрылтайшылар қаражатының келіп түскені және шығыстары туралы жыл сайынғы есепті органға ұсынады. Материалдық-техникалық базалардың қайта жаракталуы мен қайта құрылуын ұйымдастырады.

Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейімен қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Үздіксіз кәсіптік оқыту бойынша, жоғары оқу орындарымен, мектептермен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастырушы адамдармен) жүргізілетін жұмысты үйлестіреді жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымдарын таныстырады, қажетті есептілікті дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы , "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, оқу орнының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда басшы лауазымда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу-өндірістік комбинаттың директоры

Лауазымдық міндеттері: Оқу орнының барлық қызмет түрлерін оның жарғысына сәйкес басқарады. Оқу орнының кеңесімен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқу үрдісінің күнтізбелік кестесін, ішкі тәртіп ережесін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Оқу-материалдық базаны жабдықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның есебін, сақталуын және нормативтік талаптарға сәйкес толықтырылуын, ішкі еңбек тәртібін, санитарлық-гигиеналық ережелер режимін, еңбекті қорғау ережесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Еңбек туралы заңнамаға, ішкі тәртіп ережесіне, қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларына сәйкес қызметкерлердің біліктілік сипаттамаларын педагогикалық кадрлар мен қосымша қызметкерлер құрамын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Өз құзыреті шеңберінде білім беру ұйымдарының еңбекте аса ерекшеленген мұғалімдер мен басқа да қызметкерлерді мадақтау мен марапаттауға, жаза қолдануға ұсынады. Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен жұмысты үйлестіреді. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымдарының өкілі болып табылады, қажетті есепті беру дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, басшы лауазымында педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Ғылым жұмысы жөніндегі директордың орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының әдістемелік кабинетін жабдықтармен, көрнекі құралдармен жабдықтау бойынша ағымдағы және болашақтағы жұмыстарды жоспарлауды ұйымдастырады, әдістемелік жұмыс бойынша есептік құжатты дайындайды.

Оқытушылардың келешекке арналған және тақырыптық жоспарларының, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы жөніндегі жұмыстарын үйлестіреді, сондай-ақ оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді ұйымдастырады. Сабақтар, консультациялар, емтихандар кестелерін жасайды. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытында жасауды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға, семинарлар, конференцияларды даярлауға және өткізуге қатысады, олардың біліктілігі мен кәсіптік шеберлігін арттыруды ұйымдастырады. Оқыту процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Оқу-әдістемелік жұмыстардың жай-күйін ұйымдастырады және талдайды, эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды, оқу-әдістемелік құжаттамалар мен оқу құралдарды, сонымен қатар оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу бойынша Цикл комиссиясының жұмысын жоспарлау мәселелері жөнінде әдістемелік нұсқауларды әзірлейді. Педагогикалық қызметкерлерде аттестаттауға дайындауға және оны өткізуге қатысады, авторлық бағдарламаларды, оқулықтарды және оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуде жәрдем береді, жинақтарды, ұсыныстарды және оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша басқа да басылымдарды даярлау жөнінде баспалармен жұмысты ұйымдастырады. Оқытудың инновациялық-дамытушы әдістерін тәжірибеде зерделейді, таратады және енгізеді.

Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқудың техникалық құралдарымен жарақтау, кітапханалар мен әдістемелік кабинеттерді оқу әдістемелік және көркем әдебиеттермен, баспасөз басылымдарымен толықтыру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етеді. Оқу жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарын тиімді пайдалану, құжаттамаларды есепке алу мен сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау жөнінде шараларды қолданады. Білім алушылардың ғылыми қоғамдарының жұмысын, конкурстар, олимпиадалар өткізуді ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, педагогикалық еңбек өтілімі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуына, білім алушыларды тәрбиелеу жұмысы жөніндегі жоспарларын әзірлеуге, оның ұйымдастырылуын жаңаша тұрғыдан қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жоспарлайды және талдайды, кәсіби бағдар беру жұмыстарының ағымдағы және болашақтағы жоспарлауын, сынып жетекшілердің, өндірістік оқыту шеберлері мен дене тәрбиесі сауықтыру және көркемдік эстетикалық циклдың қосымша білім беру оқытушыларының қызметтерін ұйымдастырады, олардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысына педагогикалық талдау жасайды, тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбиелік іс-шараларды өткізу мен даярлау бойынша қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді; тәрбие процесінің сапасына, үйірмелер, секциялар жұмыстарына және тәрбие жұмысының басқа да түрлеріне, девианттық мінез-құлықты балалармен жүргізілетін жеке тәрбие жұмысына жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады. Тәрбие жұмысының мазмұнын, нысанын және әдістерін жетілдіреді, сынып-жетекшілері мен өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық шеберлігін арттыруға жәрдемдеседі. Білім алушыларға салауатты өмір салтын енгізу бойынша дене тәрбие процесін, спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық жұмыстарды дамытуды үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

Бала құқығын іске асыруға ықпал етеді, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Сыныптан тыс жатақханаларға қатысты оқу-материалдық базаларды нығайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және педагогикалық лауазымдарда оқу орнының тиісті бейіндегі еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымында оқу-өндірістік, оқу, әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, бақылайды және талдайды. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытылы дайындауды қамтамасыз етеді. Өндіріс шеберлерінің кадрларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, басшыға ұсынады, біліктілік пен кәсіби шеберлікті арттыруды ұйымдастырады.

Өндірістің қазіргі заманғы техникасы мен технологиясын зерделеуді, жаңа кабинеттерді құру және қолданыстағы оқу кабинеттерін, шеберханаларды, зертханаларды қайта жабдықтауды ұйымдастырады. Әдістемелік бірлестіктердің және техникалық-кәсіптік цикл сабақтар мен пәндер бойынша әдістемелік бірлестігі мен әдістемелік комиссияның және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді. Өндірістік оқытудың аға шеберінің, өндірістік шеберінің оқыту, кәсіптік және диплом алдындағы тәжірибе жетекшісінің жұмысын басқарады, арнайы пәндер оқытушыларының жұмысын талдайды. Оқу орнының қорытынды біліктілік емтихандарын ұйымдастырады және өткізеді.

Оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін тәжірибеге енгізеді, таратады және зерделейді. Оқу-материалдық базаларды сақтау және толықтыру, есепті қамтамасыз ету бойынша жұмысты санитариялық-гигиена режимдерін, шеберханаларда және өндірісте еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі және білім беру ұйымдағы еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі оқу орнының әдіскері

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және талдайды. Озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау, қорытындылау және енгізу бойынша оқу орнының әдістемелік және циклдік комиссиясының жұмысын үйлестіреді. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды дайындау жөніндегі жұмысты бақылайды, оқу-жоспарлау құжаттамаларын жасауға қатысады. Оқу орнының әдістемелік және циклдік комиссияның жұмысына басшылық жасайды.

Озық педагогикалық тәжірибелерді анықтайды және қорытындылайды, оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін, үздік жаңашыл педагогтардың жұмыс тәжірибелерін практикаға енгізуге, педагогикалық

қызметкерлерге авторлық бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуге жәрдемдеседі. Білім процестері мен әдістемелік жұмыстардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Семинарлар, конференциялар, оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарын өткізу және дайындау жұмыстарына қатысады. Ашық сабақтар өткізуді және оларды талдауды, әдістемелік кабинетті жабдықтармен, көрнекі құралдармен жабдықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі және білім беру ұйымдағы еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарындағы бөлімше меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Сабақ кестесін жасауға арналған материалдарды дайындайды және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Пәндердің оқыту сапасын бақылайды. Педагогикалық әдістемелік кеңесте қорғау үшін материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізуге қатысады, оқушылар контингентін сақтау жөнінде шаралар қолданады. Оқытушылардың есептілікті уақытында жасауын, қолданыстағы нормаларға сәйкес құжаттамаларды жүргізуді қамтамасыз етеді. Конференциялар, демалыс кештерін, олимпиадалар мен басқа да іс-шараларды ұйымдастырады.

Оқу-материалдық базалардың дамуы мен нығаюын, жабдықтар мен мүккәмалдардың сақталуын, санитарлық-гигиеналық талаптардың, еңбекті қорғау ережелерін қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және педагогикалық қызметтегі өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындағы жалпы білім беретін пәндердің оқытушысы

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндерді ескере отырып, оқушыларды

тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады. Білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдеседі және анықтайды. Оқытудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын қолданады, оқушылардың білім, білік пен дағды алуларын қамтамасыз етеді. Оқыту процесінің оқу жоспары мен кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады. Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын орындайды.

Бастауыш әскери дайындықтың (БӘД) оқытушы ұйымдастырушысы үшін қосымша: Лауазымдық міндеттері Оқытушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін ұйымдастырады. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып-жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлеу және оның орындалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарындағы БӘД-ның материалдық базасын дамыту мен нығайту, жабдықтар мен мүліктердің сақталуы, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша шаралар қолданады. Әскери істің негіздерін оқып-үйрену жөніндегі үйірмелерді басқарады, төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге арналған практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді. Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, шұғыл жағдайлардағы әрекеттер бойынша іс-шараларды жасайды, қорғаныс ғимараттарының дайындығын шұғыл жағдайларда азаматтық қорғаныстың жеке құралдарымен қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының " Білім туралы" , Зандарын, педагогика және психология негіздерін.

Бастауыш әскери дайындықтың (БӘД) оқытушы ұйымдастырушысы үшін қосымша:

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы " Заңы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі.

Педагог-психологы

Лауазымдық міндеттері: Оқушылардың психикалық және әлеуметтік мамандығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады. Әр түрлі бейін белгілеулердегі психологиялық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық диагностика өткізеді. Оқушылардың жеке басы мен әлеуметтік мәселелеріне арналған педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады және оны талдайды. Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім

қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады. Шығармашылық дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады, олардың дамуына көмектеседі. Әлеуметтік дизадаптацияның пайда болуына байланысты оның алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады, түрлі психология көмек көрсету жөнінде әр түрлі шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық). Психологияны практикалық қолдану мәселелері жөнінде педагогтарға кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыретін арттыруды жетілдіреді. Белгіленген нысан бойынша құжаттамаларды жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін. Біліктілікке қойылатын талаптар: "Психология" мамандығы бойынша жоғары білімі немесе "Практикалық психология" мамандығы бойынша арнаулы факультетте алынған қосымша медициналық, педагогикалық жоғары білімі.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім ұйымының аға шебері

Лауазымдық міндеттері: Техникалық шығармашылық үйірмелер жетекшілерінің, өндірістік оқыту сабақтарының кәсіби жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі өндірістік оқыту шеберлерінің әдістемелік жұмыстарын басқарады, олардың сабақтарын талдайды, нұсқама, жеке әдістемелік жұмыстар жүргізеді. Өндірістік оқытудың мазмұнын, нысанын және әдістемесін жетілдіреді. Өндірістік оқытудың үздік шеберлерінің жұмыс тәжірибесін, оқытудың инновациялық, дамытушылық элементтерін практикаға енгізеді және таратады, зерделейді. Өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін көтеруді ұйымдастырады.

Оқу шеберханаларын жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, техникалық құралдармен, көрнекі құралдармен жарақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады; станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарды баптау және жөндеу жұмыстарын ұйымдастырады. Электрлік жабдықтарды уақытында сынақтан өткізуді, электр тартылымы мен жермен қосудың жай-күйін, шеберханалар мен жабдықтардың қауіпсіз жай-күйін , оқу шеберханаларындағы, зертханалардағы, цехтардағы техника қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаманың өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады. Өндірістік оқыту журналдарының жүргізілуін бақылайды, қажетті

есептерді ұсынады. Оқушылардың өндірістік жұмыстарының орындалу нәтижелерін талдайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік немесе техникалық білімі және білім беру ұйымдарында жетекші лауазымдағы оқу орнының тиісті бейініне сәйкес еңбек өтілі 1 жылдан кем болмауы тиіс.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының оқу өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Шеберхана қызметін басқарады, өндірістік оқыту бойынша сабақ кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді. Шеберхананы оқу процесі үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, оқытудың техникалық құралдарымен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етеді, сақтауға мүлкітік материалдық құндылықтарды қабылдайды. Белгіленген тәртіппен олардың есебі мен есептілігін жүргізеді; жабдықтарды, аспаптар мен қарапайым құралдарды сабаққа дайындауды ұйымдастырады. Шеберхана мен қолда бар жабдықтарды, оқыту құралдарын дұрыс, әрі тиімді пайдалануды, арнайы киімдерді қолдану мен пайдалану ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарда баптау мен жөндеу жұмыстарын ұйымдастырады, өндірістік оқыту шеберлерімен сабақтарында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуді бақылайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білімі және мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымындағы арнайы пән оқытушысы

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың жоғары әдістемелік ғылыми деңгейде оқуын өткізеді, олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және бақылайды.

Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың іске асуына жауап береді, оқушылардың білім сапасына жауап береді. Оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, оқу жабдықтарын пайдалану кезінде өндірістік санитарлық ережелерінің талаптарын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі болуы тиіс.

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымындағы өндірістік оқыту шебері

Лауазымдық міндеттері: Өндірістік оқыту бойынша практикалық сабақтар мен оқыту - өндірістік жұмыстарды және оқушылармен тәрбие жұмысын жоспарлайды, өткізеді және олардың топтарда орындалуын қамтамасыз етеді. Оқушыларды жұмыстарды орындаудың, жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсетудің, еңбек ұйымдарының озат нысандарын, материалдық және энергетикалық ресурстарды ұқыпты жұмсаудың тиімді тәсілдері мен амалдарына үйретеді.

Өндірістік оқытуды жоспарлау, есепке алу және есеп беру жөніндегі құжаттамаларды жүргізеді. Оқу шеберханаларын жабдықтармен және аспаптармен, материалдармен, қосалқы бөлшектермен және оқыту құралдарымен уақытында қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Технологиялық құжаттамаларды, сызбаларды, нобайларды, эталондарды дайындайды.

Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдары, озат педагогикалық және өндірістік тәжірибелерді қолданады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары немесе техникалық және кәсіптік білімі болуы тиіс.

3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйелерінің педагогика қызметкерлері лауазымдарының

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "арнаулы орта білім", "арнайы орта білім", "орта кәсіптік білім", "орта педагогикалық білім", "орта кәсіптік (музыкалық) білім", "орта педагогикалық немесе кәсіптік білім", "орта кәсіптік (музыкалық, музыкалық-педагогикалық) білім" деген сөздер "техникалық және кәсіптік (

арнайы орта, кәсіптік орта) білім" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.03.2009 N 128 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Үлгі Біліктілік сипаттамалары Біліктілікті көтеретін институттың директоры

Лауазымдық міндеттер: Институттың оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық жұмыстарын басқарады. Курстардың, семинарлардың оқу-тақырыптық жоспарларын басқа да оқу іс шараларын, институт жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Оқушылардың денсаулығын қажетті жағдайлар сақтау мен бақылауды, олардың баспаналық, коммуналдық, тұрмыстық қажеттілік жағдайларын қамтамасыз етеді. Оқу-материалдық базаны толтыруды, оның есебі мен сақталуын, мекеменің жұмыс тәртібі мен ішкі тәртіп ережесін, оның сақталуын қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық және тәрбие үдерісіне қажетті кадрларды қызмет орнына іріктеп қабылдайды, олардың кәсіби деңгейін арттыруға жағдайлар жасайды.

Институтты мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми және басқа ұйымдарға таныстырады, қажетті есеп дайындығын қамтамасыз етеді. Кеңесінің жұмысына басшылық етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, педагогика ғылымдарының кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесі және білім беру ұйымдарын басқару лауазымы немесе басқару органдарында 5 жыл кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс.

Біліктілікті көтеретін институттың директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Институт жарғысына сәйкес институттық құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқарады. Институттың оқу, ғылыми, әдістемелік және шаруашылық қызметтерін жоспарлайды, ұйымдастырады және оған бақылау жасайды. Курстық және курс аралық іс-шараларды оқу бағдарламалық-әдістемелік және ғылыми алып жүруге дайындауға басшылық жасайды және бақылауды жүзеге асырады. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарындағы ғылыми-педагог кадрлардың және әдіскерлердің білім беруді басқару органдары мен әдістемелік қызметтің біліктілігін арттыруының үздіксіздігін сабақтастығын қамтамасыз етуге бақылау жасауды жүзеге асырады.

Институттың құрылымдық бөлімшелеріне қажетті кадрларды іріктейді және институт басшысына ұсынады. Әдістемелік кабинет қызметкерлеріне, кафедра мүшелеріне және басқа құрылымдарға кеңес береді, жұмыстарын үйлестіреді. Әдіскерлер құрамын аттестаттауды ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, педагогика ғылымдарының кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесі және білім беру ұйымдарын басқару лауазымы немесе басқару органдарында 5 жыл кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, барлық типтегі интернаттық ұйымдардың директоры

Лауазымдық міндеттері: Барлық білім беру ұйымдары оның Жарғысына сәйкес қызметінің барлық түрін басқарады. Оқу орындарының кеңесімен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп оқу жоспарларын, бағдарлама оқу үдерісінің күнтізбе кестесін, ішкі тәртіп ережесін әзірлеуді бекітуді ұйымдастырады. Білім беру ұйымдарының басқару құрылымын, штаттық кестесін, лауазымдық қызметкерлерінің нұсқаулықтарын бекітеді. Білім беру қызметін лицензиясы бойынша құқығына сәйкес оқушылардың, тәрбиеленушілердің санын қалыптастырады. Оқушылар мен қатарын, тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Әкімшілік ауданының учаскесіне бекітілген балаларды жалпы міндетті оқумен қамтамасыз етеді. Әдістемелік бірлестіктер мен оқытушылар (педагогтар) ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайды, заңнамаға сәйкес қоғамдық ұйымдармен, соның ішінде, балалармен жастар ұйымдарының жұмыстарын реттейді оқу орындарында. Жалпы тамақтандыру мен медициналық ұйымдардың жұмыстары үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді және оқушылардың, тәрбиешілер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында олардың жұмысын бақылайды. Оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Ұйым мен құралдарына билік жасайды, жыл сайын мекеменің кіріс және шығыс, қаржы және материалдық құралдарына есеп береді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, жетім балалардың мемлекеттік қамқоршысы болады, олардың заңды құқығы мен мүддесін (жеке, қазыналық, тұрмыстық, еңбек және т.б.) қорғайды, туысқандарымен байланыс

жасау шараларын қарастырады. Тәрбиеленушілер мен оқушылардың өмір сүруі мен оларды асыраудың мөлшері белгіленген нормадан төмен болмауын қамтамасыз етеді.

Талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасына толықтырулар мен олардың есебін, сақталуын қамтамасыз етеді, ішкі тәртіп ережесіне, санитарлық-гигиеналық режиміне, техникалық қауіпсіздік пен еңбек қорғауды сақтауға жауап береді.

Қосымша қызметтегі педагогикалық кадрларды қарастырады және іріктейді, еңбек заңын, ішкі тәртіп ережесін, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырады, олардың кәсіптік шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Қызмет барысында ерекше көрінген оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзырына байланысты марапаттауға және көтермелеуге ұсынады, жазалауға жүктейді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық қызметінде жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымының директоры

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымын оның жарғысына сәйкес басқарады. Білім беру ұйымының Кеңесімен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, оқу жұмыс бағдарламаларын, оқу жоспарларын, ішкі тәртіп ережесін, курстарды, оқу кестелерінің жылдық күнтізбесін, дайындауды және бекітуді ұйымдастырады. Басқару құрылымын анықтайды, ұйым қызметіне байланысты қаржы, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді және ұйым қызметінің барлық түрлеріне бақылау жасайды. Оқушылар санын сақтайды және оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Оқушылардың, тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің тамақтануы мен медициналық қызмет үшін қажетті жағдайлар жасайды және бақылауға алады; бюджеттен бөлінген қаржы және басқа қаржы көздерін тиімді қолдануды басқарады.

Оқу-материалдық базаны толтыруды, оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық режимнің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Педагог кадрлармен қосымша қызметкерлерді қарастыруды және іріктеуді жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін біліктілік

талаптарына сәйкес, олардың кәсіптік шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Әкімшілік және еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шартты орындауды қамтамасыз етеді.

Қоғаммен, байланысты жүзеге асырады. Білім алушылардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік, ұйымдарға таныстырады, қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, консультацияның қызметкерлерін тағайындайды және оларды қызметінен босатады. ПМПК қызметкерлері мүшелерінің біліктілігін арттырудың, сол мекеменің анықтау түрі мен тексеру нәтижесінің талқылау түрі кезіндегі коллегиялық жұмысын, оқу және тәрбиелеу формасын ұйымдастырады, әдістемелік жұмысты басқарады, құжаттардың дұрыс жүргізілуіне жауап береді. ПМПК-ның арнайы оқу және медициналық құралдарымен, компьютерлік техникамен, әдістемелік материалдармен жабдықтайды. Білім беру және денсаулық сақтау балалардың аномалды дамуын ескерту мәселелері бойынша алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады. Балалардың жоғарғы деңгейдегі тексерілуін, ПМПК мамандарының сапалы жұмысын қамтамасыз етеді.

ПМПК-ны мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми және басқада ұйымдарға таныстырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дефектология" мамандығы бойынша жоғары педагогикалық немесе психология мамандығы бойынша медициналық білім және, білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқыту-сауықтыру орталығының директоры, оқу-сауықтыру лагерінің, еңбек және демалыс лагерінің маусымдық бейіндік және басқа типті лагерьдің бастығы

Лауазымдық міндеттері: Лагерь ұжымы қызметінің жалпы басқарады, жүйелік оқыту (оқу-тәрбиелеу), сауықтыру мен әкімшілік-шаруашылық қызметін қамтамасыз етеді. Лагерьдің стратегиясын, мақсаты мен міндетін анықтайды. Педагогикалық кадрларды іріктеу мен жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын белгіленген тәртіппен әзірлейді, олардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдайлар жасайды. Қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын көтермелейді және қолдау жасайды. Ұйым Кеңесімен бірлесіп, даму бағдарламаларын, оқу жоспарларын, кестелерді, жарғыларды, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеуде бекітуде және енгізуді жүзеге асырады. Оқу-әдістемелік, әкімшілік, қаржылық және тағы басқа сұрақтарды шешеді. Тапсырысқа сай оқушылар санын қалыптастырады. Оқушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қоғамдық ұйымдардың (оның ішінде балалар мен жастар ұйымдары) қызметін реттейді. Бюджеттен бөлінген қаражатты және басқа қаржы көздерін тиімді қолдануды реттейді. Оқу-материалдық базаны толтыруды, оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздікті, құжаттардың есебі мен сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымды мемлекеттік, органдарға және басқа да ұйымдарға таныстырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім немесе білім беру ұйымдарында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім болуы тиіс.

Жалпы орта білім беретін білім мектептердің мектеп-интернаттардың және бастаушы, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директорының (бастығының) ғылыми, оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары, мектептердің, мектеп-интернаттардың жұмыстары жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Педагогикалық ұжым қызметінің күнделікті және алдағы қызметінің жұмысын ұйымдастырады. Оқытушылардың оқу-әдістемелік құжаттарын, оқу жоспары мен бағдарламасының орындалуы мен дайындалуын үйлестіреді. Оқушылардың білім дайындығы нәтижесінің объективтілігі мен білім сапасына, үйірме жұмысына, факультативтерге бақылау жасайды. Емтихандарды дайындау мен өткізуді ұйымдастырады. Оқушылардың білім жүктемесіне бақылау жасайды. Оқу сабақтарының кестесі мен басқа оқу түрлерінің жұмысын құрайды. Құжаттардың (бухгалтерлік есептен басқа) белгіленген есебін уақытылы құруды, дұрыс толтыруды және оны тапсыруды қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрларды жұмысқа іріктеу мен қабылдауға қатысады, олардың кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады. Оқыту үдерісін жетілдіру бойынша ұсыныс енгізеді. Әдістемелік бірлестік жұмысын үйлестіреді. Оқу-әдістемелік жұмыстың жай күйіне талдау жасайды. Эксперименталді жұмыс нәтижелерін талдайды және хабарлайды, оқытушылардың нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қолданады. Педагогикалық қызметкерлердің аттестациясын дайындауға және өткізуге қатысады. Кабинеттер мен зертханаларды қазіргі заманға сай жабдықтармен, құралдармен жарақтандыру, оқулықтармен, кітапханалар мен әдістемелік кабинеттерді оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру бойынша жұмысты үлестіреді. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауға алады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Зертхана меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Әртүрлі деңгейде дамыған балаларды оқыту мен тәрбие беру мәселесі бойынша зертхана мен мамандардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырады жүзеге асырады. Бөлімше мамандары арасындағы функционалды міндеттеді бөледі. Жоспарлық тапсырмалардың құрылуы мен орындалуын үйлестіреді, мамандар жұмысының нәтижесіне талдау жасайды, уақытылы есеп береді және құжат бақылауды жүргізуіне бақылау жасайды. Бекітілген жұмыс тәртібінің орындалуын қадағалайды. Кабинеттерді безендіруді ұйымдастырады, құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді. Бейіндік сырттай мектептердің, оқушылардың ғылыми бірлестігінің, көрме, олимпиада,

конкурстар өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Мамандардың өзіндік білім алуын басқарады. Зертхана жұмысы жөнінде әдістемелік жинақтарды, ұсыныстарды және басқа басылымдарды дайындауды ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе жоғары кәсіптік білім.

Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі ұйым қызметін мекеме Жарғысына сәйкес басқарады. Педагогикалық кеңеспен мектепке дейінгі білім беру кеңесімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен оқу жұмыс жоспарын, әзірлеуді. Тәрбиеленушілер санын қалыптастырады оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Қоғамдық педагогикалық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктердің қызметіне ықпал етеді. Балалардың тамақтануы мен медициналық қызмет алуын, қызметкерлер мен тәрбиеленушілерді ұйымдастырады. Мектепке дейінгі ұйымының барлық мүліктері мен құралдарына билік жүргізеді, жыл сайын кіріс және шығыс есебін береді. Оқу-материалдық базаны толтыруды, оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық тәртіп ережесінің сақталуын, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық және қосымша кадрларды қызмет орнына іріктеу мен қабылдауды жүзеге асырады біліктілік сипаттамасына сәйкес қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасайды. Әкімшілік және еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу стандартына сәйкес оқу бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Қоғаммен ұйымдармен, ата-аналармен байланысты жүзеге асырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс, немесе білім беру ұйымдарында басшылық қызметте жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу-өндірістік (оқу) шеберхана меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Шеберхананың жұмысына басшылық жасайды, еңбек (өндіріс) сабақ кестесінің орындалуын қадағалауды қамтамасыз етеді. Шеберхананы арнайы техникалық оқу құралдарымен, әдістемелік материалдармен, аспаптармен және көрнекі құралдармен жабдықтауды ұйымдастырады. Оларды пайдалануға, есебі мен сақталуына жауапты. Сабақ барысында құралдар мен аспаптардың дайындығын ұйымдастырады. Құралдарды және арнайы киімдерді пайдалану ережесін сақтауға үйретеді. Станок, машина, құралдар мен аспаптарды жөндеуден өткізуді ұйымдастырады, еңбек (өндіріс) сабақтарында қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылайды. Шеберханадағы жұмыс уақытында оқушылардың өмірі мен денсаулығына толық жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім, өндірістік шеберхана оқытушысы немесе білім беру ұйымдарында профиліне сай басшылық қызметінде жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Барлық мамандықтардың оқытушылары

Ескерту. Бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.03.2009 N 128 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік стандарттық білімге сәйкес оқытылатын пәндердің ерекшеліктерінің есебімен оқушыларды оқыту мен тәрбие беруді жүзеге асырады. Оқытудың әртүрлі нысанын, әдістері мен түрлерін қолданады. Оқыту пәніне оқу жоспарын құрады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сай оқушылар мен тәрбиеленушілердің сапалы білім алуын қадағалайды. Білім бағдарламасының орындалуы мен дамуына қатысады, оқу үдерісінің кестесі мен жоспарына толық сәйкестікпен жүргізілуіне жауапкершілік артады; әдістемелік жұмыстың әдістемелік бірлестігіне және басқа үлгідегі жұмыстарына қатысады. Ата-аналармен немесе олардың орнын ауыстыратын адамдармен байланыста болады. Оқушылардың оқу тәртібі мен сабаққа қатысу тәртібін қолдайды. Құралдарды пайдаланудың техникалық

қауіпсіздік талаптарын орындайды. Оқу үдерісі кезінде балалардың денсаулығы мен өміріне жауапкершілік артады.

Қосымша бастауыш әскери дайындық (БӘД) оқытушысы үшін:

Мектеп оқушыларын отанды сүюге тәрбиелейді. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарымен және сынып жетекшілерімен бірігіп, оқу жылына әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында БӘД оқу-материалдық базаны толтыруға, мүліктердің сақталуына, санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға жағдай жасайды. Жасөспірімдерді әскери білім беру ұйымдарына іріктеуге қатысады. Оқушыларды алғашқы әскери тізімге енгізу жұмыстарын ұйымдастырады. Сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушыларға бастауыш әскери дайындықтан дәріс береді, төтенше жағдайларда практикалық жаттығулар өткізеді, әскер негізін оқытады, үйірме жұмыстарын басқарады. БӘД кабинетіне және онда сақталатын мүліктерге жауапкершілік артады. Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныстан жоспар әзірлеп, төтенше жағдайларда қорғанысқа дайын болу іс-шараларын өткізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, бастауыш білім мұғалімдері үшін - жоғары педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік білім (арнайы орта, кәсіптік орта).

Логопед-оқытушы (оқу орнындағы логопед)

Лауазымдық міндеттері: Оқушыларды тексеруден өткізеді, даму деңгейінде кемшілік дәрежесін анықтайды, балаларды психофизикалық жағдайы бойынша топтарға бөледі. Балалардың дамуындағы ауытқуы бойынша, қызметіндегі өзгеру шамаларын қалпына келтіру үшін жекелей және топтық жұмыстар жүргізеді. Оқушылардың жеке мәдениетін, олардың әлеуметтенуін, кәсіптік жалпы білімдегі таңдаған бағдарламасын қалыптастырады. Оқытудың әртүрлі нысанын, әдісін, түрін және оқу құралын қолданады. Арнайы түзету ұйымдарында оқушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуындағы ауытқуы бойынша оқыту мен тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізеді. Балаларға көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы бойынша ата-аналармен байланыста (олардың орнындағы адамдармен) болады, жүзеге асырады. Еңбек

қорғау мен оның ережесін, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы ережелерді сақтайды. Оқу үдерісі кезінде оқушылардың денсаулығы мен өміріне жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дефектология" мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім (сурдопедагог).

Кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог)

Лауазымдық міндеттері: Даму мүмкіндіктері шектеулі жеткіншектер мен балалармен оқу-түзету жұмыстарын жүргізеді. Оқушыларды тексереді, даму деңгейіндегі ауытқудың қаншалықты дәрежеде екенін анықтайды, балалардың психофизикалық жағдайына байланысты топтарға бөледі. Балалардың дамуындағы ауытқуы бойынша, қызметіндегі өзгеру шамаларын қалпына келтіру үшін жекелей және топтық жұмыстар жүргізеді. Оқушылардың әлеуметтенуін, оқу бағдарламасын ұғынуын қалыптастырады. Оқытудың әртүрлі нысанын, әдісін, түрін және оқу құралын қолданады.

Арнайы түзету ұйымдарында оқушылардың (тәрбиеленушілердің) ауытқуы бойынша оқыту мен тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізеді. Өзінің біліктілігін жүйелі түрде арттырады. Әдістемелік бірлестіктер мен басқа әдістемелік жұмыстарға қатысады. Балаларға көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы бойынша ата-аналармен байланыста (олардың орнындағы адамдармен) болады, кеңестер береді. Еңбек қорғау мен оның ережесін, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы ережелерді сақтайды. Оқу үдерісі кезінде оқушылардың денсаулығы мен өміріне жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дефектология" мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім.

Қосымша білім педагогы

Лауазымдық міндеттері: Қосымша білім беру саласында оқушылардың (тәрбиеленушілердің) шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырады. Оқу бағдарламаларын іске асыруға, оқыту жоспары мен бағдарламасын сапалы

құрастыруға және орындауға жауапкершілік артады. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа балалар бірлестігінің құрамын жинақтайды, оқу жылы кезеңіндегі олардың қатарының сақталуы үшін шаралар қолданады. Психофизикалық мақсатқа сәйкес, педагогикалық негізделген сайлау формасымен, жұмыстың әдістемесі және құралымен қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттілігін көрсетеді, олардың дамуын қалыптастырады. Талантты және өнерлі оқушыларды (тәрбиеленушілерді), соның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдайды. Еңбек қорғау мен оның ережесін, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы ережелерді сақтайды. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік артады. Өзінің біліктілігін жүйелі арттырады. Ата-аналарға және оларды алмастырушы тұлғаларға, сондай-ақ педагог қызметкерлерге консультативтік көмек көрсетеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім, педагогикалық өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Педагог-ұйымдастырушы

Лауазымдық міндеттері: Жеке таланттардың ойлау және физикалық қабілетінің жетілуіне, өзінің жалпы мәдени қалыптасуына көмектеседі. Балалар мен ересектердің жан-жақты жұмысын, клуб, секция, үйірме, әуесқой бірлестіктерін, балалар мен жеткіншектер мен жеке жұмыс жасауды ұйымдастырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім болуы тиіс.

Педагог-психолог

Лауазымдық міндеттері: Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) психологиялық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады.

Педагогикалық, тәрбиеленушілердің әлеуметтік жетілуі мен ата-аналардың жеке проблемаларының ориентациясының мақсатына сай өңделген материалдары бойынша психо-педагогикалық шешімдер құрады. Бекітілген формада құжаттар жүргізеді және оны дайындауы бойынша қолданады. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жас ерекшеліктері мен жеке білім шығармашылығын, түзету бағдарламасын құруға және жоспарлауға қатысады. Әртүрлі бейінді және мақсатта психологиялық диагностика жасайды, ауытқу дәрежесін анықтайды, психо-педагогикалық түзету жасайды. Әлеуметтік дезадаптацияның болуына байланысты алдын алу шараларын жасайды; факторларын анықтайды, оқушылардың жетілуіне көмектесетін әр түрлі психологиялық көмектер (психокоррекциялық, реабилитациялық, кеңес беру) көрсетеді. Педагогтардың, ата-аналардың, әлеуметтік-психологиялық құзырын жоғарылату үшін, психологияны практикада қолдану мәселелері бойынша педагогтарға кеңес береді. Белгіленген нысанда құжат жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Психология" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімі немесе қайта даярлау факультетіне арналған "Практикалық психология" мамандығы бойынша қосымша жоғары медициналық немесе педагогикалық білімі.

Әлеуметтік педагог

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымдарында оқушыларды (тәрбиеленушілерді) тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау және тұлғаның қоғамдағы өмір сүруін қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша кешенді шараларды жүзеге асырады. Патронат бойынша тұрғын үй, зейнет ақы беру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша жұмыстар жүргізеді. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың физикалық және дарындылық талантын дамытуға жағдайлар жасайды. Мемлекеттік қоғамды ұйымдар мен балалар арасында қарым-қатынас орнатады. Оқытушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім.

Музыкалық жетекші (аккомпаниатор)

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымдарында әртүрлі мәдени шараларда, спорттық жарыстарда, көркем гимнастикада, мұз айдынында жүзу, аэробика, шейпинг, балдық және спорттық билерде, көрсеткіш концерттерде әуеннің кәсіби түрде орындалуына, концерттер мен дайындықтарда аспапшылар мен вокалистерді сүйемелдеуді ұйымдастырады. Оқушылардың жеке қабілетіне қарай, іс қимыл элементіне музыканы (әуенді) іріктейді. Оқушыларды ансамбльдік орындаушылыққа үйретеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Білім беру ұйымының аға тәлімгері, тәлімгер

Лауазымдық міндеттері: Балалардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметтік дамытуға ықпал етеді. Балалар мен жеткіншектердің қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерінің қызметтік жоспарлауға көмектеседі. Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшелік қызығушылығына және қажеттілігі бойынша жұмыс атқарады. Ұжымдық шығармашылық қызметтік ұйымдастырады.

Балалар мен жеткіншектердің бірлестіктері мен ұйымдарды қамтамасыз етеді, жұмысымен кең көлемде ақпараттандыруға жағдай жасайды. Білім беру ұйымдарында жалпы мәдени, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын жүргізуге көмектеседі. Өзінің кәсіптік білімін жетілдіріп отырады, балалармен және жеткіншектермен жұмыс істеуде озық тәжірибелерді зерделейді және қолданады. Балалар бірлестіктері мен ұйымдары ұжымымен жұмыс істейтін ересек жетекшілерді (ұйымдастырушыларды) іріктеу мен дайындау жұмыстарын жүргізеді. Білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымымен және қоғамдық ұйымдармен, оқушылардың ата-аналарымен немесе олардың орнын ауыстыратын адамдармен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Білім беру ұйымының аға тәрбиешісі, тәрбиеші

Лауазымдық міндеттері: Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жанұялық және тұрмыстық өмір сүруі мен тәрбиесін, жеке қабілеттілігі, қызығушылығы мен баланың жеке тұлға болып қалыптасуын психологтардың нұсқаулары бойынша (топтық және жекелей) дамыту-түзету жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады. Әлеуметтік-психологиялық оңалту, әлеуметтік және еңбек дағдылану жағдайларын жасауды қамтамасыз ету үшін күнделікті жұмыстар жасайды. Медицина қызметкерлері мен оқушылардың (тәрбиеленушілердің) денсаулығын жақсарту мен сақтауды қамтамасыз етеді, олардың психофизикалық жетілуін қалыптастыратын шаралар ұйымдастырады, балалардың оқу беру ұйымында сабақтан тыс уақыттағы өмірі мен денсаулығына жауапкершілік артады. Оларға дәрігер келгенге дейінгі медициналық көмек беруді қамтамасыз етеді. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен қарым-қатынаста болады. Топтарға бөлінген мүліктердің, әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарының сақталуын қамтамасыз етеді. Оқу құралдары мен ойыншықтардың, мүліктердің есебін жүргізеді. Тәрбиешінің көмекшісі жұмысын басқарады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі, немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Дене тәрбиесі - спорт ұйымдарының нұсқаушысы

Лауазымдық міндеттері: Балаларды дене тәрбиесі әдістемесі мен бағдарламасына сәйкес оқыту жұмыстарын жүргізеді. Олардың жас ерекшеліктері бойынша дайындалуының мазмұны мен міндетін, жеке психофизикалық ерекшеліктерінің жетілуін анықтайды. Балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жасау техникасына үйретеді. Спорттық шаралар мен дене тәрбиесі сабағы кезеңіндегі балалардың өмірінің қауіпсіздігіне жауап береді. Дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Санитарлық-гигиеналық тәртіптің сақталуын қадағалап отырады. Медицина қызметкерлерімен бірге балалардың денсаулығы

мен өміріне жауапкершілік артады. Салауатты өмір салтын таратады. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және тәрбиешілермен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Дене шынықтыру және спорт туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Психология" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімі немесе қайта даярлау факультетіне арналған "Практикалық психология" мамандығы бойынша қосымша жоғары медициналық немесе педагогикалық білімі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Еңбек жөніндегі нұсқаушы

Лауазымдық міндеттері: Балаларды еңбекке баулу және тәрбиелеу әдістемесі мен бағдарламасына сәйкес жұмыстар жүргізеді. Оқушылардың еңбекке икемділігі мен дамуын, оларды практикада іске асыруын қалыптастырады. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес еңбекке баулудың оқу жоспары мен басқа материалдар дайындайды. Жазғы маусымда оқушылар бірлестігінің еңбек жұмыстарын және қоғамға қажетті өнімді еңбекті ұйымдастырады. Кәсіптік бағдарлы жұмыстар жүргізеді. Оқыту шеберханаларын техникалық құрал-жабдықтармен, көрнекі құралдармен және мүліктермен жарақтандыруды ұйымдастырады, олардың сақталуы және үнемді пайдаланылуына жауапкершілік артады. Станок, машина мен құрал-жабдықтарды жөндеуден өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Оқушылардың техникалық қауіпсіздік тәртібін және еңбек қорғау, балалардың денсаулығы мен өміріне жауапкершілік артады. Дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Музыкалық жетекші (концертмейстер)

Лауазымдық міндеттері: Жеке және концерттік жұмыстарда аспапшылар мен вокалистерді сүйемелдеуі тиіс, оқытушылармен бірлесіп бағдарламаларға сәйкес білім алушылардың музыкалық білімін жүзеге асырады, оқушылармен жеке және топтық түрде сабақ береді. Оқушылардың орындаушылық дағдысын, музыкалық-эстетикалық талғамын дамытады, жеке шығармашылыққа тәрбиелейді. Оқушыларды ансамбльдік орындаушылыққа үйретеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік немесе кәсіптік орта / музыкалық/ білім және мамандығы бойынша жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Білім беру ұйымдарының әдіскері

Лауазымдық міндеттері: Ауданның (қаланың) педагогтарымен әдістемелік жұмысты ұйымдастырды, курс аралық кезеңдегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін зерделейді. Бақылауға жататын барлық типтегі білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз етуде жүзеге асырады. Мамандығы бойынша педагогтардың біліктілігін арттыруын жоспарлайды және оны жүзеге асырады. Педагогикалық қызметкерлердің оқу-әдістемелік құжаттарын (дидактикалық материалдарын, құралдардың типтік тізімін), семинарларын, алдыңғы қатарлы тәжірибелі мектептердің жиналысын, конкурс, олимпиадаларды дайындайды, қарайды, рецензиялайды және бекіту ұйымдастырады. Білім беру ұйымдары мен педагогтардың тәжірибе-эксперименттік қызметі мен жаңалықтарының нәтижелерін жалпылайды және оған талдау жасайды.

Білім беру ұйымдары жетекшілері мен педагогикалық қызметкерлеріне, оқу-әдістемелік және тәрбие беру мәселелері бойынша әдістемелік, практикалық кеңестер береді. Педагогтарға библиографиялық анықтамалар, өңдеулер, тестік және басқа материалдарға көмек береді, аудан /қала/ педагогтарына, білім ұйымдарының әдістемелік кабинеттеріне мәліметтер береді. Оқыту мен тәрбие беру жұмысының алдыңғы қатарлы технологияларын жалпылайды және таратады. Білім беру ұйымының жетекшілері мен педагогтарының жақсы нәтижелерін таратады және мониторинг өткізеді, жалпылайды, жүйелендіреді, зерттейді. Педагогикалық қызметкерлердің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді. Оқушылардың жарыстарын, слет, олимпиада,

көрме, конкурстарын өткізуге қажетті құжаттарды дайындайды. Аудиовизуалдық және интерактивтік оқу құралдарымен педагогикалық банктердің жағдайы мен білім беру ұйымдарының қажеттілігін анықтайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық, немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Дарынды балалармен жұмыс жасайтын ғылыми-практикалық орталығының аға әдіскері (ҒПО)

Лауазымдық міндеттері: Ғылыми-шығармашылық қызметі: Іргелі және қолданбалы сипаттағы қажетті ғылыми проблемалар бойынша зерттеулердің жүргізілуіне ғылыми басшылық жасайды, және қатысады. Өндеулер мен зерттеулердің жаңа бағыттарын қалыптастырды, жүргізудің әдісі мен құралын анықтайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын қалыптастыруға қатысады, орындаушылардың жұмысын үйлестіреді, берілген тапсырмалары бойынша басқа ұйымдармен бірге жұмыс жасауға қатысады. Алынған нәтижелерді жалпылайды, аяқталған зерттеулерге ғылыми-зерттеу экспертизасын жасайды және жүргізеді, осы нәтижелердің практикалық жүзеге асуына республикалық деңгейде басшылық етеді.

Ғылыми-әдістемелік қызметі: Анықтауды, талдауды және ғылыми негіздеуді интеллектуалды жарыстар өткізудің нысаны мен әдістемесін дарынды, балалармен жастар дарынды анықтау мен дамыту жөніндегі психодиагностикалық және коррекциялық ғылыми-әдістемелік жұмыспен қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын білім беру ұйым орындарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру курстарын, семинарларын ұйымдастырады және оларды өткізеді. Ғылыми-әдістемелік материалдардың жариялануын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық-ұйымдастыру қызметі: Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары оқушыларының ғылыми жобаларының жарысын, олимпиадаларын ұйымдастырады және оларды өткізеді. Дарынды жастар мен балалармен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру курстарын, семинарларын ұйымдастырады және оларды өткізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім.

Дарынды балалармен жұмыс жасайтын ғылыми-практикалық орталығының әдіскері (ҒПО)

Лауазымдық міндеттері: Ғылыми-зерттеу қызметі: Зертхананың ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуын ұйымдастырады, олардың даму болашағын айқындайды, зерттеу жүргізу әдістерін таңдайды, ғылыми-зерттеу жұмыстарының шешу жолдарын қарастырады. Дарынды балалар мен жастардың ғылыми жұмыстарына талдау жасайды, олардың отандық және шет елдегі жетістіктерін іздестіреді.

Ғылыми-әдістемелік қызметі: Ғылыми-әдістемелік құжаттарды бекітуге дайындайды. Дарынды балалармен жұмыс істейтін қосымша мектептердің жұмыстарын, оқушылардың ұлттық олимпиадалары мен ғылыми жарыстарын өткізеді, жалпылайды, таратады. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдары педагогтарының шеберлігін арттыру курстарын, семинарлар мен конференциялар өткізуге қатысады. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарының оқыту және тәрбие беру ісіне талдау жасап, оқыту процесін нығайту жайында ұсыныстар енгізеді.

Педагогикалық-ұйымдастыру қызметі: Дарынды балалармен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарының жоспарлары мен есептеріне талдау жасайды. Оқушылардың халықаралық, республикалық ғылыми жоба жарыстарын өткізуді ұйымдастырады. Дарынды балалар мен жастардың жеке даму психодиагностикалық зерттеуін өткізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім.

Мектепке дейінгі ұйымының әдіскері (аға тәрбиеші)

Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі ұйымының әдістемелік жұмысын ұйымдастырады. Балалар үшін білім бағдарламасын (жасауға) талдауға қатысады. Мектептермен, балалар орталығымен, мұражай және басқа мәдени ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуді жетілдіреді; тәрбиеші және оның қызметкері жұмыс орындарына кадрларды іріктеуді; қызметкерлердің моральдік және материалдық көтермелеуіне ұсыныстар жасайды.

Ұйымының оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады және жоспарлайды. Ұйымы жұмысының жоспары бойынша ұсыныстар жасайды;

мекеменің педагогикалық қызметкерлерінің аттестациясы мен біліктілігін арттыру жұмыстарын үйлестіреді, тәрбиешілердің өз біліміне, жас бойынша топтардың сабақтарына сетка құруына көмек береді. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибені енгізу мен таратуды ұйымдастырады. Ұйым, мектеп, ата-аналармен қарым-қатынас сабақтастығы бойынша шараларды ұйымдастырады. Топтардың құралдармен, ойыншықтармен, ойындармен жинақталуын ұйымдастырады. Әр уақытта оқу-тәрбиелеу, әдістемелік жұмыстарының жағдайын бақылап отырады. Тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топ бойынша кеңестер, конкурстар мен көрмелер ұйымдастырады; шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады; қажетті құралдарды алады; басылып шыққан оқу-педагогикалық және әдістемелік, балалар әдебиетінің және басқа құралдардың картотекасын жүргізеді; кітапхана жұмысын жинақтайды, тәрбиешілер арасында оқу-педагогикалық, балалар әдебиетін таратады, есеп және есеп беру құжаттарының уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді. Тәрбиешілердің жұмысына бақылау жасайды, оқу-тәрбиелеу жоспарын жүйелі тексеріп отырады, топтардағы сабақтарға қатысады; жылдық жоспардың, педагогикалық кеңестерде қабылданған шешімдердің орындалуына сараптама жасайды; тәрбиешімен бірге логопед, психолог, сандық жетекші және басқа мамандардың бірлесіп жұмыс істеуін ұйымдастырады; әрдайым балалардың білімінің, ойлауының диагностикасын жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім.

Балалардың мектепке дейінгі ұйымының музыкалық жетекшісі

Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі білім беру мен оқытуды тәрбиеленушілерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес, эстетикалық дамуы мен музыкалық тәрбиесін әр түрдегі және формадағы музыкалық шығармашылықты қолданып жүзеге асырады. Ән-күй сабақтарын, балалар мерекесін, әдеби-саздық мерекелерді ұйымдастырып өткізеді. Балалармен жеке жұмыстар жүргізеді, музыкалық дарынды балалармен жеке топтарда жұмыс жасайды. Таңертеңгілік гимнастикаға, дене тәрбиесі сабақтарына, спорттық шараларды ұйымдастыруға қатысады. Балалармен ойын жұмыстарын, музыкалық-дидактикалық ойындарды, театрландырылған ойындарды, ритмикалық ойындарды ұйымдастыруға қатысады. Педагогикалық

кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын дайындауға қатысады. Балалармен жұмыс істеуге алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді енгізеді. Музыкалық тәрбиеленуші балалардың ата-аналарына кеңестер береді. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің музыкалық жетілуін бақылап отырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік (музыкалық, музыка-педагогикалық), немесе орта кәсіптік (музыкалық, музыка-педагогикалық), білімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК